
	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>	
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1

«Қазмедиа орталығы» басқарушы  
компаниясы» ЖШС Бас  
директорының  
2022 жылғы «09» наурыз  
№ 07-03/63 бұйрығымен  
БЕКІТІЛДІ

**«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша  
Нұсқаулық**


Нұр – Сұлтан қ., 2022 ж.

Мазмұны

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>	
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1

1. Жалпы ережелер .....	3
2. Қолдану саласы.....	3
3. Жауапкершілік.....	3
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі.....	4
5. Көшбасшылық.....	9
6. Жоспарлау.....	15
7. Қамтамасыз ету.....	16
8. Жұмыс істеуі.....	20
9. Қызмет нәтижелерін бағалау.....	26
10. Жақсарту.....	28

## 1. Жалпы ережелер

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>	
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1

1.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл менеджменті жүйесі бойынша осы басшылық «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС (бұдан әрі - басшылық) «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) енгізген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін сипаттайды.

1.2 Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл менеджменті жүйесін (бұдан әрі-СМЖ) енгізу мақсаты:


- 1) Серіктестікте:
- Серіктестіктің лауазымды тұлғаларының қатысуымен квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа;
  - Серіктестік тарапынан пара алуға;
  - Серіктестік персоналы тарапынан оның атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін парақорлыққа;
  - Серіктестіктің бизнес-серіктестері тарапынан пара алуға;
  - Серіктестікке қатысты парақорлыққа;
  - Серіктестік қызметіне байланысты Серіктестік персоналына қатысты парақорлыққа;
  - Серіктестік қызметіне байланысты Серіктестіктің бизнес-серіктестеріне қатысты парақорлыққа;
  - тікелей және жанама парақорлыққа (мысалы, үшінші тұлға алған немесе үшінші тұлғаға берілген пара) қарсы іс-қимылдың басқарылатын жүйесі енгізілгенін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне пропорционалды саясаттар, рәсімдер мен басқару құралдары енгізілгенін көрсету;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау және оған қатысты шаралар қабылдау үшін Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру.

## 2. Қолдану саласы

2.1 Осы Басшылық СМЖ құжаттамасының бөлігі болып табылады және оны Серіктестіктің барлық қызметкерлері қолданады.

2.2 Осы Басшылық тиісті жазбаша сұрау салынған жағдайда кез келген мүдделі Тарапқа немесе сертификаттау орталығына ұсынылуы мүмкін.

## 3. Жауапкершілік

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>	
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1

3.1. Осы Басшылықты әзірлеуге, жыл сайын қайта қарауға және өзектендіруге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет не Серіктестіктегі комплаенс функцияларына жауапты қызметкер жауапты болады.

#### 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі

4.1. Ұйымның контексті.

4.1.1. Ұйымды және оның мәнмәтінін түсіну.

Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі –АҚДМ) атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі Серіктестіктің құрылтайшысы болып табылады.

Серіктестіктің ұйымдық құрылымын Байқаушы кеңесі бекітіп, 01.09.2021 ж. бастап қолданысқа енгізілді.

Серіктестіктің орналасқан жері Жарғыда айқындалған, атап айтқанда: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 4-үй.

Серіктестіктің экономика секторы:

68201-меншікті жалға беру және басқару;

77391-басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де машиналарды, жабдықтарды және материалдық активтерді жалға алу;

82300-конференциялар мен сауда көрмелерін ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі түрлері Серіктестіктің жарғысында, атап айтқанда, АҚДМ-нің 05.08.2021 ж. №272 бұйрығымен бекітілген Жарғысына енгізілген өзгерістерде айқындалған:

1) меншікті мүлікті жалға беру және басқару;

2) басқа санаттарға енгізілмеген өзге де машиналарды, жабдықтарды материалдық құралдарды жалға беру;

3) республикалық және өңірлік форумдарды ұйымдастыру және өткізу.

Серіктестікті бақылайтын заңды тұлғалар жоқ.

Серіктестікті бақылауды жүзеге асыратын заңды тұлға Қазақстан Республикасының АҚДМ болып табылады.

Серіктестіктің іскерлік серіктестері:

1) тұрақты бизнес-серіктестер:

- «Хабар» Агенттігі» АҚ;


- «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ;

- «Мир» мемлекетаралық телерадиокомпаниясы» ЖАҚ;

- «Евразия+ОРТ» ЖШС;

- «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС;

- «Қазтелерадио» АҚ;

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>	
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1

- «Астана Су Арнасы» МКК;
- «Астана-АЭК» АҚ;
- «Астанаэнергосбыт» ЖШС;
- «Астана-Теплотранзит» АҚ;
- «Самға-Энерго» ЖШС;

2) Серіктестіктің технологиялық кешенінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді ұсынатын уақытша бизнес-серіктестер;

3) Серіктестік кеңсесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді ұсынатын уақытша бизнес - серіктестер;

4) Серіктестіктің шаруашылық блогының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді ұсынатын уақытша бизнес - серіктестер;

5) уақытша бизнес-серіктестер - Серіктестік үй-жайларын жалға алушылар;

6) уақытша бизнес-серіктестер - Серіктестік жабдықтарын жалға алушылар;

7) уақытша бизнес-серіктестер - Серіктестік алаңдарын жалға алушылар.

Серіктестік атынан жария лауазымды адамдармен (мемлекеттік қызметшілер, қоғамдық, ұлттық немесе халықаралық ұйымдардың өкілдері) өзара іс - қимылды серіктестіктің жоғары басшылығы, ал кейбір жағдайларда-ол уәкілеттік берген тұлға жүзеге асырады.


Серіктестік бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе әлеуметтік желілерде теріс жарияланымдарға ден қою әдістемесін бекітті.

Серіктестік өз қызметін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен;
- «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС және Серіктестелеарналардың техникалық қызмет көрсету және өзара іс-қимыл регламентімен;
- - Республикалық резервтік хабар таратуды қамтамасыз ету үшін авариялық (штаттан тыс) және төтенше жағдайлар туындаған кезде «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС, «Хабар» Агенттігі» АҚ, «Қазақстан» РТРК» АҚ және «Қазтелерадио» АҚ арасындағы өзара іс-қимыл және өзара хабарлау регламентімен;

Серіктестіктің 2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясында: «Өз қызметінде ҚМО ұлттық стратегияларды, ҚР нормативтік-құқықтық актілерін, ҚР жоспарлары мен бағдарламаларын басшылыққа алады, мысалы:


- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451 Заңы;
- «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418 Заңы;
- «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 06 қаңтардағы № 527 Заңы;

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 6


- «Қазақстан-2050» стратегиясы;
- Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы;
- «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы;
- Ұлт жоспары – «Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Бес институционалдық реформасын іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам»;
- Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары.

#### 4.2. Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін түсіну.

№ р/с	Мүдделі тараптар	Енгізілген үлес, ықпал	Болжал, қызығушылық
1	Инвесторлар, екінші деңгейлі банктер	Қаржы ресурстары (меншікті капитал, қарыз қаражаты)	Салынған инвестициялардың рентабельділігі, дивидендтерді, негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы төлеу
2	Үкімет, мемлекеттік органдар, Парламент	Мемлекеттік реттеу	Салықтар, әлеуметтік мәселелерді шешу
3	Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (жалғыз қатысушы)	Мемлекеттік реттеу	Ұлттық телерадио өндірісін технологиялық сүйемелдеу кезінде мемлекеттік саясат және стратегиялық мақсаттар талаптарын орындау
4	ҚР АҚДМ басқа ведомстволық бағынысты ұйымдарын қоса алғанда, квазимемлекеттік сектор	Қызметтерді пайдаланушылар (ККЗ, ОКҚ), сараптама алмасу, бірлескен жобаларды орындаудағы әріптестік, жақсарту жөніндегі бірлескен шешімдер	Жоғары сапалы, қауіпсіз тауарлар мен қызметтерді қолайлы бағамен алу, медиа сараптамаға, БАҚ-қа қол жеткізу
5	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС	Адами ресурстар, бейілділік	Жоғары жалақы, жақсы еңбек жағдайлары, кәсіби даму және мансаптық өсу

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 7

	жұмыскерлері, лауазымды тұлғалары		
6	Мемлекеттік телеарналар, радио және коммерциялық серіктестер	Серіктестіктің өнімін (тауарлары мен қызметтерін) сатып алу жолымен қаржы ресурстары	Жоғары сапалы, қауіпсіз тауарлар мен қызметтерді қолайлы бағамен алу
7	«Қазмедиа орталығы» ғимаратын жалға алушылардың жұмыскерлері	Адалдық, мәдениет, жақсарту бойынша бірлескен шешімдер	Жақсы және қауіпсіз еңбек жағдайлары, адалдық, тұрақты кері байланыс
8	Жеткізушілер	Құнды құру үшін ресурстарды (тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді) жеткізу	Сенімді өткізу нарығы, тұрақты төлем қабілетті Сатып алушы
9	Жергілікті қоғамдастықтар, қызметті жүзеге асыру орындарындағы халық, қоғамдық ұйымдар	Қызметті жүзеге асыру орындарында қолдау, жергілікті биліктің адалдығы мен қолдауы, қолайлы көзқарас, ынтымақтастық	Қосымша жұмыс орындарын құру, өңірді дамыту
10	Азаматтық қоғам	Жақсартулар бойынша бірлескен шешімдер	Жоғары сапалы, қауіпсіз тауарлар мен қызметтерді алу, медиа сараптамаға, БАҚ-қа қол жеткізу, сапалы хабар тарату
11	Қоғамдық пікір көшбасшылары	Қызметтерді пайдаланушылар (ККЗ, ОКҚ), жақсарту бойынша бірлескен шешімдер, сараптама алмасу, беделге тікелей әсер ету	Жоғары сапалы, қауіпсіз тауарлар мен қызметтерді қолайлы бағамен алу, медиа сараптамаға, БАҚ-қа қол жеткізу
12	Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	Қызметтерді пайдаланушылар (ККЗ, ОКҚ), сараптама	Жоғары сапалы, қауіпсіз тауарлар мен қызметтерді қолайлы бағамен алу,

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС</b> <b>сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі</b> <b>бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 8

		алмасу, бірлескен жобаларды орындаудағы әріптестік, жақсарту жөніндегі бірлескен шешімдер, беделге тікелей әсер ету	медиа сараптамаға, БАҚ-қа қол жеткізу, білім беру
13	Академиялық қоғамдастық	Жақсарту бойынша бірлескен шешімдер, тәжірибе алмасу, жаңа білім	Медиа сараптамаға, БАҚ-қа қол жеткізу, білім беру, тәжірибе алмасу, бірлескен жобалар
14	Халықаралық компаниялар	Халықаралық нарыққа қол жеткізу, инвестициялар, сараптама және технологиялар, кәсіби топтарға қол жеткізу	Жоғары сапалы, қауіпсіз тауарлар мен қызметтерді қолайлы бағамен алу; БАҚ-қа, БАҚ-қа, контент нарығына қол жеткізу
15	Кәсіптік одақ	Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу, еңбек қатынастарын реттеу және жанжалдарды шешу	Қызметкерлердің құқықтарын сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайлары, әлеуметтік қорғау

4.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің қолданылу саласын айқындау.

Серіктестік ISO 37001:2016 стандартының талаптарының барлық тармақтарына жауап беретін жеке менеджмент жүйесі ретінде СМЖ енгізді.

СМЖ іс-қимылының шекаралары - Серіктестіктің нақты шекаралары айқындалған.

СМЖ:


- жеке меншікті жалға беру және басқару;
- басқа санаттарға енгізілмеген өзге де машиналарды, жабдықтарды материалдық құралдарды жалға алу;
- республикалық және өңірлік форумдарды ұйымдастыру және өткізу қызметтерінде қолданылады.

4.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі.

Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті реттейтін мынадай құжаттар әзірленіп, бекітілді:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;



	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС</b> <b>сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі</b> <b>бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 9

- СМЖ мақсаттары мен бағдарламалары;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі саласындағы саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар;
- Тәуекелдерді басқару регламенті;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдер тізілімі;
- Комплаенс-офицер туралы ереже;
- Корпоративтік этика кодексі;
- Ішкі аудит туралы ереже;
- Байқаушы кеңесі туралы ереже;
- Бас директор туралы ереже;
- Өтініштердің құпиялылығы қағидатын сақтау кепілдігімен бұзушылықтар туралы сигналдарды жинаудың электрондық жәшігі туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «сенім телефоны» туралы ереже.

Сондай-ақ Серіктестіктің ресми сайтында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кез келген адам жүгіне алатын «сенім телефоны» және электрондық мекенжайы және ҚР АҚДМ «сенім телефоны» көрсетілген.

#### 4.5 Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау.

Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару әдістерін сәйкестендіру, бағалау және таңдау тәуекелдерді басқарудың бекітілген регламентіне сәйкес жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау, сондай-ақ оларды жою/азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу тәуекел иелеріне – құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктелген.


Комплаенс-офицер тәуекелдерді бағалау жөніндегі процесті жалпы ұйымдастыруды жүзеге асырады, тәуекелдерді бірыңғай тізілімге және тәуекелдер картасына шоғырландыруды жүргізеді, тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарлардың орындалуын бақылайды, жарты жылдық негізде жоғары басшылықты және байқау кеңесін елеулі тәуекелдер туралы және жылына бір рет (СМЖ-ға жүргізілетін талдау шеңберінде) тұтастай алғанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жүйесінің нәтижелілігі туралы хабардар етеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау бойынша барлық тиісті құжатталған ақпарат тиісті құрылымдық бөлімшелерде және комплаенс-офицерде сақталады.

## 5. Көшбасшылық

Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеуіне жауапты болып табылады:

- 1) басқарушы орган-Байқаушы кеңесі;

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС</b> <b>сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі</b> <b>бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 10

2) жоғары басшылық (атқарушы орган) - Серіктестіктің Бас директоры және Бас директордың орынбасарлары;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет - комплаенс - офицер тұлғасында;

4) құрылымдық бөлімшелердің басшылары.

5.1. Көшбасшылық және міндеттеме.

Байқаушы кеңесі Жалғыз қатысушының немесе Бас директордың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Серіктестіктің тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы болып табылады.

Байқаушы кеңесі Жалғыз қатысушыға есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

Байқаушы кеңесі жылына кемінде бір рет (бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес) Серіктестіктің Бас директоры және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясына жауапты қызмет/қызметкер ұсынған ақпаратқа, сондай-ақ Байқаушы кеңесі сұрататын немесе алатын кез келген басқа ақпаратқа негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін талдауды жүзеге асырады.

Бас директор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті шеңберінде:

1) Серіктестіктің саясаты мен мақсаттарын қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тиісті реакция жасау үшін әзірлеуді, енгізуді, тиісті жағдайда ұстауды және қайта қарауды;


2) Серіктестікте де, үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынаста да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты туралы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нәтижелі менеджментінің маңыздылығы туралы хабардар ету;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзушылықтардың бар екендігі туралы хабарлағаны үшін немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысудан бас тартқаны үшін, тіпті мұндай бас тарту серіктестікке нұқсан келтіруі мүмкін болса да, қандай да бір жазадан, оның ішінде тәртіптік жазадан босатуға кепілдік беріледі;

4) жылына бір рет СМЖ -ның жұмыс істеуін талдау және Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің қарауына тиісті есеп енгізеді; есепте сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың елеулі және/немесе жүйелі жағдайларына барлық күдіктер туралы ақпарат қамтылады.

Бас директор сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі саласындағы Саясатты (бұдан әрі – Саясат) бекітеді.

5.2 Саясат орыс және қазақ тілдерінде әзірленді. Серіктестік персоналын таныстыру кадр қызметінде және оқыту арқылы ақпараттандыру және/немесе оқыту туралы белгімен жүзеге асырылады.

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС</b> <b>сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі</b> <b>бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>	
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты корпоративтік сайтта, Серіктестіктің ресми [www.qazmedia.kz](http://www.qazmedia.kz) сайтында орналастырылған және кез келген мүдделі тараптарға, соның ішінде кез келген іскери серіктестерге танысу үшін қолжетімді.

### 5.3. Ұйымдастырушылық функциялар, жауапкершілік және өкілеттіктер.

Серіктестікте корпоративтік әдеп кодексі бекітілді, оны қабылдау кезінде әрбір қызметкер міндетті түрде танысады. Кодекстің «Корпоративтік қағидаттар», «Бұзушылықтар және қолайсыз әрекеттер туралы хабарламалар», «Сыйлықтар, ойын-сауық», «Жауапкершілік» бөлімдерінде ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық қағидаттары көрсетілген. Кодекске еркін қол жеткізу кадр қызметінде қамтамасыз етілген.

Әрбір деңгейдегі басшылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолданылуын және құрылымдық бөлімшенің функцияларына сәйкес келуін қамтамасыз етуге жауапты болады.

Серіктестіктің Бас директоры мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды олардың ұйымдағы рөліне байланысты шамада түсінуге, сәйкестендіруге және орындауға жауапты.

Комплаенс-офицер лауазымға Байқаушы кеңесінің шешімі негізінде Бас директордың бұйрығымен тағайындалады.

Комплаенс-офицер қызметінің мақсаты - сыбайлас жемқорлыққа қатысты алдын алу, анықтау және одан кейінгі іс-қимылдар үшін қолайлы және үйлесімді жүйелік шараларды енгізу.


Комплаенс-офицер комплаенс-офицер туралы Ережеде көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнаманың талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі барлық қажетті рәсімдер мен құжаттарды жүргізеді.

## 6. Жоспарлау

### 6.1. Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді өңдеу бойынша іс-шаралар.

Тәуекелдерді анықтау және түгендеу – бұл тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу кезеңінде Серіктестіктің тәуекелдер тізілімін бастапқы жасау, сондай-ақ тәуекелдердің өзектілігі мен маңыздылық деңгейін айқындау мақсатында оны жыл сайын қайта қарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару Серіктестіктің тәуекелдерді басқару регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Тәуекелдер мен тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар айқындалғаннан кейін жоспарланған іс-шараларға талдау жүргізіледі және осындай іс-шаралардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті бақылау іс-әрекеттері айқындалады.

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 12

Тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік негізінде Серіктестікте ағымдағы тәуекелдерге және тәуекелдерге ден қою жөніндегі шаралардың орындалуына бақылау жүргізіледі.

Процестің тиімділігін қамтамасыз ету және оны іске асыру шығындарын азайту үшін серіктестік оның қаржылық жағдайына және мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге айтарлықтай әсер етуі мүмкін тәуекелдерге назар аударады. Тәуекелдердің теріс әсерін азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру бойынша қабылданатын шешімдерді жыл сайын Бас директор немесе Байқаушы кеңесі (сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша) қарайды және бекітеді, Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлері орындау үшін міндетті болып табылады.

Тәуекел іске асырылған жағдайда тәуекел иесі ықтимал шығындар деңгейін төмендету мақсатында одан әрі іс-қимыл жоспарын әзірлейді.

6.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар және олардың жетістіктерін жоспарлау.

Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаты бекітілді. Мақсаттар сыбайлас жемқорлыққа қатысты кейінгі іс-қимылдардың алдын алу, анықтау, айқындау және қабылдау үшін үйлесімді жүйелік шараларды білдіреді.


Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат қоюдың мынадай бағыттары айқындалған:

- 1) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндетті талаптарды сақтауын қамтамасыз ету;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушіліктің ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;
- 3) Серіктестік үшін комплаенс-тәуекелдердің және олармен байланысты салдарлардың алдын алу және азайту, Серіктестік басшылығына комплаенс-тәуекелдерді басқаруда жәрдем көрсету;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және оларды жоюға жәрдемдесу.

## 7. Қамтамасыз ету

### 7.1. Ресурстар.

Персонал: Комплаенс-офицер Серіктестіктің штаттық қызметкері болып табылады және өзінің толық емес міндеттерін орындайды. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі саласындағы саясатқа, қызметкерлердің іс-қимылдарына және

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС</b> <b>сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі</b> <b>бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 13

заңның әрпін сақтауға негізделген корпоративтік бизнес-этиканы енгізуге қайшы келетіндердің алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін орындайды. Сондай-ақ Бас директордың бұйрығымен Серіктестіктің СМЖ ішкі аудит тобының құрамы тағайындалды.

Физикалық ресурстар: СМЖ жұмыс істеуі үшін кеңсе бөлмелері, жиһаз, компьютерлік жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету, оқу материалдары, телефондар, кеңсе тауарлары және т. б. берілген.

Қаржы ресурстары: СМЖ жұмыс істеуі үшін қажетті бюджет комплаенс-офицердің негізделген ұсынысы, сондай-ақ Байқаушы кеңесінің және/немесе Серіктестіктің Бас директорының шешімі бойынша бөлінеді.

## 7.2. Құзыреттілік

Комплаенс-офицер ретінде келесі талаптарға жауап беретін адам тағайындалды:

1) бизнес-менеджмент, экономика, қаржы немесе құқықтану саласындағы жоғары білім;

2) мемлекеттік органдар мен Серіктестіктің /квазимемлекеттік сектордың құқықтық және экономикалық құқықтық қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білу;

3) Серіктестік қызметінің ерекшелігі туралы білімнің болуы;

4) парақорлыққа қарсы күрес/сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша оқытуды растайтын сертификаттың болуы;

5) комплаенс және этика мәселелері бойынша ішкі корпоративтік құжаттарды, стандарттарды, саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ комплаенс-рәсімдер шеңберінде бизнес-процестердің мониторингі жөніндегі іс-шараларды жүргізу, тергеулер жүргізу, этика және комплаенс саласында есептілікті қалыптастыру дағдылары;


6) стратегиялық басқару және шешімдер қабылдау, этика және комплаенс бағдарламасын әзірлеу және іске асыру, корпоративтік мәдениетті құру саласындағы білім мен дағдылар;

7) жалпы жұмыс өтілі - кемінде 5 жыл;

8) стратегиялық, логикалық және сыни ойлаудың болуы;

9) жеке қасиеттер - адалдық, тәуелсіздік және объективтілік, нәтижеге бағдарлану, бастамашылдық, проблемаларды шешудегі жеделдік.

Өнім берушілермен шарттар жасасу кезінде Тараптардың атынан және тапсырмасы бойынша шарт бойынша міндеттемелерді орындайтын барлық жұмыскерлер, өкілдер, үлестес тұлғалар және басқа да тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, парақорлық, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау жөніндегі міндеттерді өзіне қабылдайды.

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС</b> <b>сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі</b> <b>бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>	
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1

Серіктестік қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі саласындағы саясатқа қол жеткізе алады және осы саясатқа байланысты оқытудан өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі саласындағы саясат серіктестіктің (сыртқы және ішкі) интернет-ресурстарында орналастырылған.

Ықтимал тәуекелдердің теріс әсерін жауапты құрылымдық бөлімше және комплаенс-офицер (сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты) бүкіл Серіктестік ауқымындағы өзара байланыста бағалайды.

Жауапты құрылымдық бөлімше тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдердің (сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қоспағанда) сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жөніндегі ішкі рәсімдердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Жауапты құрылымдық бөлімше және комплаенс-офицер есепті кезең аяқталғанға дейін бір ай бұрын құрылымдық бөлімшелерге тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша жартыжылдық есептерді ұсынуға сұрау салуды жібереді.

Комплаенс-офицер жарты жылдық негізде – тәуекелдер иелерінің есептері негізінде Серіктестіктің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау бойынша шоғырландырылған есепті дайындайды және есепті кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде оны Бас директорға танысуға және Байқашыу кеңесінің қарауына ұсынады.

### 7.3. Хабардарлық және оқыту.


Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту білім алушы қызметкердің Серіктестіктегі өз рөліне сәйкес төмендегілерді түсінуін қамтамасыз ететіндей етіп жоспарланады және жүргізіледі:

- 1) ол және Серіктестік тап болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- 3) СМЖ-ның оның функциясына қатысы бар аспектілері;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың кез келген қаупіне немесе параға күдікке қатысты ол қабылдауы тиіс кез келген қажетті алдын алу, тергеу және ақпараттандыру әрекеттері.

Серіктестік персоналын оқытуды комплаенс-офицер:

- Серіктестік жұмыскерлерін онлайн-ақпараттандыру (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпарат және «жедел желі» телефон нөмірлері);

- Серіктестік жұмыскерлерін СМЖ мәселелері бойынша күндізгі оқыту (семинар, тренинг, дөңгелек үстел және т. б.) – жылына кемінде бір рет;

	<b>«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС</b> <b>сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі</b> <b>бойынша БАСШЫЛЫҚ</b>		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	_____ жылғы редакция 1	26 беттің 15

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі төмен Серіктестіктің операциялары мен процестеріне қатысатын іскер серіктестерді ақпараттандыру/оқыту арқылы жүргізіледі.

Комплаенс-офицер Серіктестікте СМЖ-ның жұмыс істеуіне жауапты тұлға ретінде жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқудан өтеді.

Серіктестіктің корпоративтік Әдеп кодексінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыскерлердің міндеттері мен жауапкершілігі белгіленген. Сондай-ақ, бұл бөлімде жұмыскерлердің сыйлықтарға қатысты мінез-құлқы анықталған.

Серіктестіктің барлық жұмыскерлері корпоративтік Әдеп кодексімен Серіктестіктің кадр қызметінде танысады, бұл туралы танысушының растайтын қолымен тиісті жазба жасалады. Корпоративтік этика кодексінен сұрақтар Серіктестік персоналын аттестаттау бағдарламасына енгізіледі.

#### 7.4. Байланыс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл мәселелері бойынша ішкі коммуникация «Документолог» электрондық құжат айналымы жүйесі және комплаенс-офицердің байланыс телефоны арқылы қамтамасыз етіледі.

Серіктестіктің СМЖ жұмыс істеуі үшін маңызды ішкі коммуникация мынадай ішкі нормативтік құжаттармен регламенттелген:

- 1) Корпоративтік әдеп кодексімен;
- 2) Серіктестіктің Бас директоры, Бас директордың орынбасарлары, Қаржы және әкімшілік директорлары арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрықпен;
- 3) тәуекелдерді басқару Регламентімен;
- 4) комплаенс-офицер туралы ереже;
- 5) СМЖ ішкі аудиті туралы Ережемен;
- 6) Осы Басшылықпен.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы коммуникацияларды тек Бас директор немесе ол ресми уәкілеттік берген тұлға, сондай-ақ Серіктестіктің комплаенс-офицері олардың СМЖ-дағы рөліне сәйкес жүзеге асырады.


#### 7.5. Құжатталған ақпарат.

